

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 9 ақпан 1994 ж. N 1556. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.03.11. N 2895 жарлығымен.

Ғылыми-техникалық прогресті дамытудағы академиялық ғылымның рөлін арттыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми қызметкерлерін мемлекеттік қолдауды күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына қызметін өзін-өзі басқару принциптері негізінде жүзеге асыратын жоғары мемлекеттік ғылыми мекеме мәртебесі берілсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы өз қатарына ғылымның барлық бағыттарындағы біліктілікті жоғары ғалымдарды біріктіріп отырған әрі елімізде мемлекет атынан академиялық атақтар беруге құқығы бар бірден-бір мекеме болып табылады деп белгіленсін.

2. Ұлттық ғылым академиясының мүшелеріне академик ғылыми атағы үшін ай сайын ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылым докторының лауазымдық жалақысының 75 проценті мөлшерінде және корреспондент-мүше ғылыми атағы үшін 50 проценті мөлшерінде төлемақы белгілесін.

Ұлттық ғылым академиясының мүшелері 70 жасқа толған кезде тиісті академиялық атақ үшін берілетін ай сайынғы төлемақы осы Жарлықпен белгіленген ай сайынғы төлемақы көлемінің 70 процентіне дейін қысқартылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының шешімі бойынша 3 жылға дейінгі мерзімге аса көрнекті зерттеушілер үшін әрқайсысы 10 ең төменгі жалақы мөлшерінде 50 мемлекеттік ғылыми стипендия және дарынды жас ғалымдар үшін 7 ең төменгі жалақы мөлшерінде 50 мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің ұсынуы бойынша мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы Ережені бекітетін болсын;

екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының

мүшелері ай сайынғы төлемақыларын, сондай-ақ мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындау мен төлеу тәртібін және қаржыландыру көздерін белгілейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Алматы қаласы. 1994 жылғы 9 ақпан
N 1556

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК